



ӨЗІҢНІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫҢДЫ ҚОРҒА

- Жеке еңбек дауларын шешу
- Ұжымдық еңбек дауларын шешу
- Ұйымдарды басқаруға қатысу
- Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасы
Кәсіподақтарының Федерациясы
Астана қ., Абай даңғ., 38, www.fprk.kz
ҚРКФ Оқыту-әдімтемелік орталығы
тел./факс: 8 (7172) 21-61-63; 21-58-31;
e-mail: kursyfprk@fprk.kz

ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢДЫ ҚОРҒА!

● **Сен** құқықтарыңның бұзылуын күтпе, ұйымда келісу комиссиясы бар ма екен, анықта!

● Жұмыс беруші Сенің еңбек құқықтарыңды бұзғанда, Саған келісу комиссиясына жүгіну қажет болады. Құқықтарыңды сот арқылы қалпына келтіруге болады, бірақ қосымша уақыт және нервіңнің жұмсалуды қажет етеді, ал жұмыс беруші сонымен қоса қаржылай шығын жұмсайды.

● Кәсіподақ мүшесі әлеуметтік-еңбек құқықтарын қалпына келтіруде кәсіби одақтардан немесе жоғары кәсіподақ ұйымдарынан тегін көмек ала алады.

ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ

Жеке еңбек дауларын келісім **комиссиялары** және **соттар** қарайды.

Келісу комиссиясы тепе-теңдік негізінде қызметкерлердің және (немесе) жұмыс берушінің өкілдерінің бірдей санынан құрылады. Келісу комиссиясының жұмыс берушіден құрылатын мүшелері жұмыс берушінің актісімен тағайындалады. Қызметкерлердің өкілдері келісу комиссиясына қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) сайланады.

Жеке еңбек дауларын келісу комиссиясы қарайды, бірақ ең алдымен қызметкер келіспеушіктерді жұмыс берушімен арадағы жеке немесе өз өкілі қатысатын тікелей келіссөздер барысында реттемеген болса, келісу комиссиясы қарайды.

Жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы актісінің көшірмесі табыс етілген күннен бастап **үш ай**, басқа

еңбек даулары бойынша – қызметкер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиісті күннен бастап бір жыл мерзімінде келісу комиссиясына жүгінуіңе болады.

Келісу комиссиясына келіп түскен **Сенің өтінішің** аталған комиссияда міндетті түрде **тіркелуге тиіс**.

Келісу комиссиясы еңбек дауын **өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік** жеті күн ішінде қарауға міндетті.

Келісу комиссиясы шешімінің тиісінше расталған көшірмелері шешім қабылданған күннен бастап үш күн ішінде ұйымның қызметкері мен басшысына беріледі.

Қызметкердің еңбек құқығының **бұзылғаны туралы өтініштері бойынша жеке еңбек даулары соттарда қаралады**.

Жеке еңбек даулары бойынша – сен өз құқығының бұзылғаны туралы білген күннен бастап **бір жыл** мерзімінде, ал жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы бұйрығының көшірмесі немесе еңбек кітапшасы табыс етілген күннен бастап **үш ай ішінде** сотқа жүгінуіңе болады.

ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ (ҚР ЕК 32-тарауы)

Сенің ереуілге шығу құқығың – ұжымдық еңбек дауды шешудің тәсілі.

Ұжымдық еңбек дауын шешудің **тәртібі** мынадай кезеңдерден тұрады:

- ұжымдық еңбек дауының бітімгерлік комиссиясының қарауы;
- ұжымдық еңбек дауының еңбек арбитражының қарауы.

Тараптардың өкілдері, бітімгер комиссиясы, делдал, еңбек арбитражы ұжымдық еңбек дауын шешу үшін заңнамада көзделген барлық мүмкіндіктерді пайдаланады.

Еңбек кодексінің 303-бабына сәйкес ереуілдер заңсыз болып табылған жағдайларды қоспағанда, бітімгерлік процедуралар ұжымдық еңбек дауын шешпеген, немесе жұмыс беруші (оның өкілдері) немесе жұмыс берушілердің өкілдері бітімгерлік процедураларға қатысудан бас тартқан, ұжымдық еңбек дауын шешу барысында қол жеткізген еңбек арбитражының тараптар үшін күші міндетті болатын келісімді орындамаған жағдайда қызметкерлердің немесе олардың өкілдерінің ереуіл ұйымдастыруға құқығы бар.

Ереуілге қатысу ерікті болып табылады.

Ешкімді ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеуге ешкімнің құқығы жоқ. Ереуіл өткізу жөніндегі шешім қызметкерлердің (олардың өкілдерінің) жиналысында (конференциясында) қабылданады

Қызметкерлер жиналысы, егер оған ұйым қызметкерлерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, заңды деп танылады.

Конференция, егер оған хаттамалық шешімдерге сәйкес қызметкерлер сайлаған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп танылады.

Қызметкерлер жиналысының (конференциясының) шешімі дауыс берушілердің көпшілік дауысымен қабылданды деп есептеледі. Қызметкерлер жиналысын (конференциясын) өткізуге мүмкіндік болмаған кезде қызметкерлердің өкілді органы ереуілді өткізуді қолдайтын қызметкерлердің жартысынан астамының қолын жинап, өз шешімін бекітуге құқығы бар.

Ереуілдің басталуы туралы жұмыс беруші, жұмыс берушілердің бірлестігі (олардың өкілдері) оны жариялағанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде ескертілу тиіс. Жұмыс беруші, мемлекеттік органдар және ереуілді басқаратын орган ереуіл кезеңінде қоғамдық тәртіпті, ұйымның мүлкін және қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ тоқтап қалуы адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін машиналардың және жабдықтардың жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі өздеріне байланысты шараларды қабылдауға міндетті.

Жұмыс беруші, мемлекеттік органдар және ереуілді басқаратын орган ереуіл кезеңінде қоғамдық тәртіпті, жұмыс беруші мен қызметкердің мүлкін және қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ тоқтап қалуы адам өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін машиналардың және жабдықтардың жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі өздеріне байланысты шараларды қабылдауға міндетті.

Ереуіл өткізу кезеңінде орындалатын қажетті жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) ең төменгі көлемі жөніндегі ұсыныстар Еңбек кодексіне сәйкес көрсетіледі (ҚР ЕК 299-б.).

Ереуіл өткізу кезеңінде темір жол көлігі, азаматтық авиация, денсаулық сақтау ұйымдары, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар қызметкерлері (қоғамдық көлік, сумен, электр энергиясымен, жылумен, байланыспен қамтамасыз ету) орындайтын қажетті жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) тізбесі мен көлемі ереуілді басқаратын жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша әзірленеді және бекітіледі.

Үздіксіз жұмыс істейтін өндірістерде ереуіл негізгі жабдықтардың, тетіктердің іркіліссіз жұмысы

қамтамасыз етілген жағдайда ғана өткізілуі мүмкін.

Ереуіл кезінде қызметкердің жұмыс орны (лауазымы), әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы төлеміне құқығы, еңбек өтілі сақталады, сондай-ақ еңбек қатынастарынан туындайтын өзге де құқықтарына кепілдік беріледі.

ҰЙЫМДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСУ

Кәсіподақтық ұйымының кәсіподақ комитеті ұйымды басқаруға қызметкерлердің мүддесін мынадай нысанда ұсына отырып, қатысуға құқығы бар:

- Еңбек кодексінде, ұжымдық шартта көзделген жағдайда қызметкерлердің өкілдік органының пікірін ескере отырып;

- Жұмыс берушінің актілерін қабылдау мәселелері бойынша өкілдік органның қызметкерлерге кеңес беруі;

- Жұмыс берушіден қызметкерлердің мүддесіне тікелей қатысты мәселелер бойынша ақпарат алу;

- Ұйымның жұмысы туралы мәселелерді жұмыс берушімен талқылау, оны жетілдіру бойынша ұсыныс енгізу;

- Қызметкерлердің өкілдік органы ұйымның әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспарларын талқылауы;

- Ұжымдық шарттарды әзірлеу және қабылдау бойынша;

- ҚР Еңбек кодексінде, өзге заңдарда, ұйымның құрылтай құжаттарында, ұжымдық шартта, жергілікті және актілерде белгіленген өзге нысанда.

Қызметкерлердің өкілдері қызметкерлердің құқықтарын ұсыну және қорғау мақсатында жұмыс

берушіден мынадай мәселелер бойынша ақпарат алуға құқығы бар:

- ұйымның қайта құрылуы немесе таратылуы;
- қызметкерлердің еңбек жағдайын өзгертетін технологиялық өзгерістерді енгізу;
- қызметкерлерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

ҚР Еңбек кодексінде, өзге де нормативтік актілерде, ұйымның құрылтай құжаттарында, ұжымдық шартта көзделген мәселелер бойынша **Қызметкерлердің өкілдері** ұйымды басқару органына осы мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар енгізуге және оларды қараған жағдайда аталған органдардың отырыстарына қатысуға құқылы.

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚР Қылмыстық кодексімен мыналар үшін жауапкершілік белгіленді:

- **Еңбекті қорғау ережелерін бұзу (ҚР ҚК 152-б.):**

1. Қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитария ережелерін немесе еңбекті қорғаудың өзге де ережелерін осы ережелерді сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның бұзуы абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соқса -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару не белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, нақ сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Абайсызда адам өліміне әкеп соққан дәл сол әрекет –

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

● **Жүкті немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату (ҚР ҚК 148-б.).**

Әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату немесе үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен осы себептер бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе онымен еңбек шартын негізсіз тоқтату, сол сияқты мүгедекпен оның мүгедектігі себебі бойынша не кәмелетке толмағанмен оның кәмелетке толмағандығы себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

● **Жалақының, зейнетақының, шәкіртақының, жәрдемақының және өзге де төлемдердің төленбеуі (ҚР ҚК 148-б.):**

1. Басқару қызметін атқарушы адамның ақша қаражатын өзге мақсаттарға пайдаланумен байланысты жалақының толық көлемінде және белгіленген мерзімде төленуін бірнеше рет кідіртуі -

үш жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

● **Жиналыс, митинг, бой көтеру, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау (ҚР ҚК 151-б.)**

Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау не оларға қатысуға мәжбүрлеу, егер бұл әрекеттерді лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдаланып не күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытумен жасаса,

- бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексімен мыналар ҮШІН жауапкершілік белгіленді:

Қазақстан Республикасының еңбек және еңбекті қорғау заңнамасын бұзу (ҰҚБтК 87, 89-б.).

1. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзуы,

- лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері неме-

се коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік),

- лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде төлемеуі, сол сияқты төлемді кідірту кезеңіне өсімақыны есептемеуі және төлемеуі - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) –

айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертулер.

1. Осы Кодексте жұмыс беруші деп басшысы

(әкімшілігі) өкілдік ететін заңды тұлға не қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға танылады.

2. Егер атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың басшылары басқаратын ұйымдар жалақыны төлеуге қаражат беруді (аударуды) кідіртсе, оларды осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған лауазымды адамдар деп түсіну керек.

89-бап.

1. Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жазатайым жағдайға әкеп соқпаған бұзуы, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан алпысқа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуын бақылау

және қадағалау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырмауы, егер бұл жұмыскердің денсаулығына жеңіл зиян келтіріп, жазатайым оқиғаға әкеп соқса немесе оның өмірі мен денсаулығына көрінеу қауіп төндірсе, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ұжымдық шарт, келісім жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтару (**ӘҚБтК 90-б.**).

Ұжымдық шартты, келісімді жасасу, өзгерту немесе толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтару немесе аталған келіссөздерді жүргізу мерзімдерін бұзу, тиісті комиссияның жұмысын тараптар белгілеген мерзімде қамтамасыз етпеу,

- келіссөздер жүргізуге уәкілетті адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттардың, келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпарат бермеу (**ӘҚБтК 93-б.**)

Ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттардың, келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты бермеу, -

ақпараттың берілмеуіне кінәлі адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ұжымдық шарт, келісім жасасудан негізсіз бас тарту (**ӘҚБтК 91-б.**).

Ұжымдық шарт, келісім жасасудан негізсіз бас тарту, - ұжымдық шарт, келісім жасасуға уәкілетті адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес

жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ұжымдық шартты, келісімді орындамау немесе бұзу (**ӘҚБТК 92-б.**).

Ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемелерді бұзу немесе орындамау,

- ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемелердің орындалмауына кінәлі адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

● Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы заңдарды бұзу (**ӘҚБТК 373-б.**).

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар, демонстрациялар не өзге де көпшілік іс-шараларын ұйымдастыру немесе өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу не оларды ұйымдастыруға немесе өткізуге кедергі жасау, сол сияқты заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілікке арналған іс-шараларға қатысу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,

- жеке тұлғаларға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Рұқсат етілмеген жиналысқа, митингке, тосқауылға, демонстрацияға не өзге де көпшілік іс-

шараларына қатысушыларға ұйымның басшыларының және басқа да лауазымды адамдарының үй-жай не өзге де мүліктер (байланыс құралдарын, көбейту техникасын, жабдықтар, көлік) беруі немесе осындай іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін өзге де жағдайлар туғызуы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әкімшілік жаза шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жиналысты, митингті, шеруді, демонстрацияны ұйымдастырушы қайталап жасаған нақ сол іс-әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Жеке тұлғаға ақпарат беруден бас тарту, сол сияқты ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу (84-б. ӘҚБтК).

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, белгіленген тәртіппен жиналған, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты құжаттарды, материалдарды беруден заңсыз бас тарту не жеке тұлғаға толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат беру, сол сияқты жалпы жұрт қол жеткізетін ақпаратты шектеулі қол жеткізілетін ақпаратқа заңсыз түрде жатқызу, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бес-тен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Лауазымды адамның осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасауы, егер бұл әрекеттер жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

● Ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу (ӘҚБтК 97-б.).

Мәжбүрленушінің тәуелді жағдайын пайдалана отырып ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу,

- жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бес-тен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.